

Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының, қаржы полициясының, прокуратураның қызметкерлерін Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарына іссапарға жіберу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 826 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының, қаржы полициясының, прокуратураның қызметкерлерін (бұдан әрі - іссапарға жіберілген тұлғалар) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының аппараттарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне іссапарға жіберу Қазақстан Республикасы Үкіметінің кесімі негізінде Қазақстан Республикасының тиісті заңдарында айқындалған міндеттерді орындау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Іссапарға жіберілген тұлғаларға Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Парламентінің аппараттары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін белгіленген лауазымдық жалақылар, сондай-ақ әскери (арнайы) атағы бойынша қолданыстағы заңдарда белгіленген жалақы (қосымша төлем) төленеді.

3. Іссапарға жіберілген тұлғаларға сыйлықақы беру Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің палаталары аппараттарының, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен лауазымдық жалақыға негізделі отырып жүзеге асырылады.

4. Іссапарға жіберілген тұлғаларға лауазымдық жалақы, сауықтыруға арналған жәрдемақы мен сыйлықақы төлеу Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін, Қазақстан Республикасы Парламентінің палаталары аппараттарын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесін ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі. Өзге де төлемдерді, сондай-ақ заттай мүлікпен қамтамасыз етуді тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті,

Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жүргізеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.07.03 N 694 Қаулысымен.

5. Иссапарға жіберілген тұлғаларға кезекте әскери және арнайы атақтар беру қолданыстағы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Иссапарға жіберілген тұлғаларды аттестаттау Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің палаталары аппараттарының, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

6. Иссапарға жіберілген тұлғалардың тиісінше әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының, қаржы полициясының, прокуратураның қызметкерлері мәртебесі сақталады.

Иссапарға жіберілген тұлғаларды, зейнетақылық қамсыздандыру зейнетақы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, олардың Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде, Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының аппараттарында, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесінде атқаратын лауазымдары бойынша лауазымдық жалақысы есепке алынады.

Бір жолғы сипаттағы қалған төлемдер бойынша иссапарға жіберілгенге дейін атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық жалақылары есепке алынады.

7. "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне, ішкі істер, қаржы полициясы, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдарын есептеудің, бір жолғы жәрдемақылар тағайындау мен оны төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы N 803 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 29, 255-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне, ішкі істер, қаржы полициясы, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдарын есептеудің, бір жолғы жәрдемақылар тағайындау мен оны төлеудің ережесінде:

12-тармақта "ал Қазақстан Республикасының өкілді және атқарушы органдарында, ведомстволарда, мекемелерде және ұйымдарда жұмыс істеуге иссапарға жіберілгендерге және қызметтен босар алдында жалақыны сол

органдардың қызметкерлері үшін белгіленген тәртіпте және көлемінде алғандарға - олардың қызметтен босаған күнгі атқарған лауазымына бара бар белгіленген лауазымдық жалақысынан" деген сөздер алынып тасталсын.

8. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Әскери қызметтегі офицерлер мен ішкі істер органдарының басшы құрамдағы адамдарын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Президентінің және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының Аппараттарына іссапарға жіберу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі N 604 қаулысы ;

2) "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі N 604 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 қыркүйектегі N 1077 қаулысы .

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы